



ПРИОЗЕРСКИЙ

Вестник

№ 19/715

14 мая 2021 года

газета издается с 26.06.2004 года

Соғыс ерте есейткендер

ЕРЛІК САБАҒЫ - ӨМІР САБАҒЫ

1941 жылы 22 маусымда Ұлы Отан соғысы басталды. Ер жүрек кенес халқы өзінің барлық күштерін Отан қорғау жұмысына бағыттау ісіне кірісті. Соғыс, соғыс! Қандай суық сөз бұл! Сол сұрапыл жылдарда қанша азамат жер құшты, қанша бала әкесінен, қанша ана баласынан, қаншама үй тірегінен айырылды. Ауылдан сөн, өмірден мән кетіп, сұрықсыз бір дүниеге айналды.

аяқталған Приозерск қаласының тұрғындары соғыстың қуагерлері Оганесян Раиса Андреевна және Свиридова Зоя Игнатьевна осы қиын жолдан өтті. Сондықтан да біз осындай бақытты өміріміз үшін олардың алдында қарыздармыз.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагерлерін де олардың қажырлы еңбегі үшін құттықтағым келеді. Бүгін Қарулы Күштер елімізбен бірге жаңғырудың тарихи кезеңін бастан өткеруде. Отан қорғаушылар күні қарсаңында еліміздің қауіпсіздігін және бейбіт азаматтарды қорғауда тұрған адамдардың еңбегі атап өтілді. Өзінің күнделікті жауынгерлік еңбегімен Қарулы Күштердің жауынгерлік дайындығын және Қазақстанның қорғаныс қабілетін нығайтуға үлес қосқан 44841 әскери бөлімінің азаматтық персоналы Аутжан Даутович Тиранов.

2021 жылдың 8 мамырында 44841 әскери бөлім командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Р.М. Кабышев, бөлім басшысының көмекшісі (әскери қызметшілердің отбасымен жұмыс жөніндегі) азаматтық персоналы М.Мырзахметова және бөлімнің әскери әйел қызметшілері аға лейтенант М.Даулетова және кіші сержант М.Сайып ардагерлерді мерекемен құттықтап, батырларға ерлігі мен қайсарлығы үшін алғыс



Қандай қорқыныш, қандай әділетсіздік! Соғыс кезіндегі балалардың балалық шағы болмаған. Олар ерте есейген. Олар әкелерін майданға аттандырып, елдегі шаруашылық тұтқасын өз қолына алды. Себебі, елде тек



қарттар мен әйелдер ғана қалған. Сөйтіп соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды.

Бүгінде соғыс балалары - ерекше ұрпақ. Олар - сол қайғылы күндердің соңғы куәгерлері. Қазір бұл қарт адамдар, бірақ олар әлі күнге дейін мыңдаған балалардың балалық шақтарын алып кеткен соғыс туралы көз жасымен еске алады.

Балалық шағы 1941 жылы 22 маусымда

айтты, сыйлық тапсырды.

Біздің үлкен құрметіміз бен алғысымыз ардагерге күнделікті көмек пен қолдау көрсетуде.

Сіздерге Өмір үшін, бейбітшілік үшін, бостандық үшін көп рахмет!

**А. Оспанова,
Қарағанды облысы
Приозерск қаласы
44841 әскери бөлімі**

Ақорда жаналықтары

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ОРАЗА АЙТ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

АРДАҚТЫ АҒАЙЫН!

Баршаңызды Ораза айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Рухани тазару мен жанаруға жол ашатын осы қасиетті мейрам күллі мұсылман қауымы үшін айрықша маңызды.

Рамазан айына жалғасқан бұл жарқын мереке кастерлі дініміздегі мейірім мен шапағат, жанашырлық пен қамқорлық сияқты асыл құндылықтарды дәріптейді.

Ораза айт әр адамның жүрегіне иман нұрын сеуіп, ізгілікке үндейді, жұртты

жақсылыққа жетелеп, қоғамды игі істерге жұмылдырады. Сол арқылы халқымыздың береке-бірлігін нығайтып, ырыс-ынтымағын арттырады.

Баршамыз айттан айтқа аман-есен жете берейік!

Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Әр шаңырақ шуаққа бөленіп, қуанышқа кенелсін!

Ораза айт құтты болсын!

Ақорда, 2021 жылғы 13 мамыр

Бір жолғы материалдық көмек

ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІНЕ ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУ

9 мамыр-әрқайсымыз үшін ерекше сезіммен қарсы алатын қасиетті және қымбат күн. Өкінішке қарай, біздің қаламызда Ұлы Отан соғысына қатысушылар қалмады, бірақ біздің батыл, табанды және жанкешті тыл еңбеккерлеріміз, соғыс мүгедектеріне теңестірілген Ауғанстан аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар және қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылары жеңістің қуанышын бізбен бөліседі.

"Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ Жеңіс күнін мерекелеуге орай 23 адамға жергілікті бюджет есебінен жалпы сомасы 1670000 теңгеге бір жолғы материалдық көмек көрсетілді.

9 мамыр мерекелік күні Приозерск қаласы әкімінің м.а. Д.Ш. Саденов 11 тыл еңбеккерлерін үйлеріне барып

құттықтап, 6 екі камералы тоңазытқыш және 5 кір жуғыш машина алуға бағалы сертификаттар мен құттықтау хаттарын табыс етті.



«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»ММ

Единовременная помощь ветеранам

ПОЗДРАВЛЕНИЕ В ЧЕСТЬ ДНЯ ПОБЕДЫ



9 мая - священная и дорогая для каждого из нас дата, которую мы встречаем с особыми чувствами. К сожалению, в нашем городе не осталось участников Великой Отечественной войны, но с нами разделяют радость Победы наши мужественные, стойкие и самоотверженные

труженики тыла, участники боевых действий на территории Афганистана, приравненные к инвалидам войны и семьи погибших военнослужащих.

Всем им (23 чел.) в честь празднования Дня Победы ГУ "Отдел занятости и социальных программ города Приозерск" за счет местного бюджета была оказана единовременная материальная помощь на общую сумму 1670000 тенге.

В праздничный день 9 мая и.о. акима города Приозерск Саденовым Д.Ш. на дому были поздравлены 11 труженников тыла с вручением поздравительных открыток и подарочных сертификатов на получение 6 двухкамерных холодильников и 5 стиральных машин.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»

Ұлы Жеңіске арналды

Жеңіс туы желбірегеніне 76 жыл. Ата-бабаларымыздың шелектеп төккен қанымен, майдан далаларында қиған қыршындардың жанымен, тылдағы еңбек адамдарының табан ет, маңдай терімен, сол кездегі халықтың және жауынгерлердің жұдырықтай жұмылған ауыз-біршілігімен, татулығымен және табандылығымен келген бұл Ұлы жеңістің қазақ халқы үшін де тарих сахнасындағы алар орны ерекше екенін біз жақсы білеміз, түсінеміз.

Аталған аса қадірлі жеңістің мән-мағынасын біздің артымыздан ерген өскелең ұрпақтың да білулері тиіс. Сондықтанда жыл сайын, тіпті ай сайын осынау жеңіске қатысты барлық дерек, дәйектерді ұрпақтарымызға насихаттап отырудың маңызы өте зор. Жастарды, өскелең ұрпақты патриоттыққа, бірлікке, еңбекке, ерлікке,



табандылыққа баулып, тағылым-тәрбие беретін ізгі іс-шаралар балабақшалардан бастап, мектептерде, орта және жоғарғы оқу орындары мен кітапханаларда үнемі насихатталып отыруын ұйымдастыру аға буынның парызы, міндеті.

Осындай мақсатпен осы жылғы мамыр айының 6-жұлдызы күні тәуелсіз еліміз үшін маңызы зор осынау айтулы датаға орай Приозерск қалалық кітапханасында «Адалдық алаңы» жобасы аясында, «Парасат жолы» бұрышында Ұлы Жеңістің 76 жылдығына арналған

«Отты жылдар шежіресі» атты мерекелік ісшара өтті. Аталған ісшараның басты мақсаты өскелең ұрпақты өжеттікке, Отанды сүйуге, адамгершілікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Өткен шарада оқушылар соғыс, жеңіс туралы өлеңдер оқып, соғыс тақырыбындағы бейнеролик көрсетілді. Б. Пірмаханова Ұлы жеңіс жайлы, сұрапыл соғыс жылдарындағы ата-әжелеріміздің майдан даласындағы және тылдағы ерен ерліктері туралы, бүгінгі бейбітшіліктің оңайлықпен келмегендігі жайлы ауқымды түрде мәлімет беріп өтті. Сонымен қатар кітап көрмесі ұйымдастырылып, онда арайы ісшараның тақырыбына қатысты фотосуреттер, кітаптар қойылды.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

МЕКТЕПАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ



алды даярлық сыныбында алған біліміне байланысты екенін дәлелдейді (ЮНИСЕФ деректері).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сапалы білім беру стандартының болуы - оқу процесі сапасының көрсеткіші екені анық. Бұл мектепалды даярлық және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етудің өте маңызды шарты. Себебі, баланың физикалық, әлеуметтік, эмоционалды және танымдық қабілеттерін жан-жақты дамытады.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологияларды мектепалды даярлық сыныптарына қолдану барысында осы әдістемелерді қолданған тиімді:

- проблемалық оқыту;
- дамыта оқыту;
- деңгейлеп оқыту;
- сұрақ-жауап ойындары;

Сонымен қатар ерте жастағы баланың дамуына қойылатын мемлекеттік талаптардың негізінде әдістемелік тәсілдерді қолдану – мұғалімнің құзыреттілігін көрсетеді.

«Психологиялық дайындықтан» басталатын әр 30-минуттық сабақ тәрбие жұмыс-

тарына оң әсерін береді. Бағалау тәсілдерін қолдану барысында «Бағдаршам», «Смайлик» әдістерін қолдану оқушы қызығушылығын арттырады.

Дамыта оқыту – мектепалды даярлық сынып оқушыларында білім, білік дағдының қалыптастыруын жоққа шығармайды, бірақ оқыту мен тәрбиелеу баланың дамуын қамтамасыз ететін жағдай болу керек. Дамыта оқыту технологиясы ұйымдастырылған оқу іс әрекетінде балаларға мұғалімнің қарапайым ізденіштік, зерттеушілік іс әрекетін қалыптастыру тән.

Цифрлық білім беру - электрондық оқулықтар, компьютерлік ойындар, виртуалды жаттығу әдістері, ғылыми-әдістемелік зерттеулер құрайды.

-Оқытушының сабаққа дайындығына көмек: «youtube» желісіндегі контентті пайдалана отырып, сабақты қызықты өткізу; соның ішінде «Bilimland» платформасы, «iMekter.kz» платформасындағы сергіту сәті.

-Оқушының үй тапсырмасын орындауда көмек.

Мемлекеттік стандартты іске асыру, тәрбиелеу және оқыту процесін сапалы жақсартуға мүмкіндік беретін инновация-

Бала тәрбиесі баришаға ортақ

лық технологияларды қолдану, үш тілде білім беру – заман талабы. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау, сонымен қатар, әр оқушының өмір бойына жететін білімін қамтамасыз ету.

Жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес мектепалды даярлық сыныптардың: сауат ашу, математика, жаратылыстану, сурет салу, жаспыру т.б сабақтарда қолданылып жатыр.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Біздің тәрбие жұмыстарының негізгі мақсаты: рухани дүниесі бай, денсаулығы мықты, азаматтылығы гуманизммен ұштасқан, инновациялық, әлеуметтік-мәдени өзгерістерге қабілетті XXI ғасырға лайықты, тұлғаның патриоттық сана-сезімін қалыптастыру мен дамытуға жағдайлар жасау.

Акмолдаева Роза,
«Приозерск қаласының №2ЖОББМ»
даярлық сыныбының мұғалімі.

Қолданылған әдебиеттер:
<https://www.unicef.org/kazakhstan/>
Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметтік біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет

Бүкіл әлемде баланың ерте дамуына деген қызығушылық тез өсуде. Бұл кездейсоқ емес! Бір жағынан, балалар психологиясы, екінші жағынан, баланың ақыл-ой қабілеттерін дамыту - мектепалды даярлық білім берудегі басты мәселе. Көптеген елдерде жүргізілген зерттеулер бойынша балалардың болашақтағы жоғары үлгерімі тікелей мектеп-

АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР

Бүгінгі күнде, біз орналасқан Приозерск қаласының ауруханасында COVID-19 коронавирусы індетіне қарсы жаппай екпе алу науқанының жүріп жатқаны белгілі. Екпе алуға келгендердің қатары ресейлік «Sputnik-V Гам-COVID-Vac» вакцинасын қабылдап жатқандығы анық. Аталған вакцина түрі Ресей Федерациясының Николай Гамалей атындағы эпидемиология және микробиология ғылыми-зерттеу орталығында жасалып шығарылған. Жалпы, ресейлік мамандардың коронавирус инфекциясына қарсы вакцинаны дүниежүзі бойынша ең бірінші болып ойлап тапқандығын айта кету керек.

Әлемді жайлаған COVID-19 коронавирусы індетіне қарсы кез келген вакцинацияның еліміз бойынша ерікті түрде және тегін жүргізіліп жатқандығы анық. Арнайы мамандар алдын ала екпе алушы-дан сауалнама, ерікті ақпараттандырылған келісім парағын толтырып шығуын өтінуі тиіс, сонымен қатар екпе алушыға жадынама беріледі. Екпе салмас бұрын екпе алушыны дәрігер мамандар медициналық қарап-тексеруден өткізіп, оның дене қызуын көреді және қан қысымын өлшейді.

Вакцина алған соң, екпе алушыны жарты сағат уақыт дәрігер өзінің бақылауына алса, одан әрі 3 күн аумақтық

дәрігер мамандардың бақылауында болатыны сөзсіз. Вакцинаның екінші дозасын бірінші вакцинациядан кейін 21 күн өткен соң алу керектігі айтылған.



Қаламыздағы коронавирусы індетіне қарсы екпе алушылардың алғашқы легін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Приозерск гарнизонындағы әскери бөлімдерде қызмет етіп жүрген әскери қызметшілердің қатары бастап кетті. Әскери қызметшілер алдын ала

медициналық тексеруден өткеннен кейін ғана екпе алуға жіберілді. Жеке құрамды бастап келген Приозерск гарнизонының бастығы, 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник

Батырбеков Есжан Оралбекұлы коронавирусы инфекциясына қарсы ресейлік «Sputnik-V Гам-COVID-Vac» вакцинасын ең алғашқы болып қабылдады. Әскери лауазымды тұлға Есжан Оралбекұлы бұл көрсеткішімен тек әскери қызметшілерге жол бастап

Денсаулық - зор байлық!

беріп қана қоймай, Приозерск қаласының тұрғындарына бірінші болып екпе салу арқылы ғана аяусыз індетпен күресудің жарқын үлгісін көрсетті.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» - деген сөз бар емес пе дана халқымызда. «Бұл менің азаматтық парызым деп санаймын. Мен басшы командир ретінде тек өзімді ғана ойламай, қарамағымдағы жеке құрамды да ойлау керекпін. Сондықтан да, Приозерск гарнизонының барлық санаттағы әскери қызметшілері және бүкіл қала халқының барлығы дерлік коронавирус инфекциясына қарсы екпе алуға бір кісідей атсалысады деген сенімдемін. Баршаңызға тек қана денсаулық тілеймін», - деп, өзінің екпе алғаннан кейін ойын түйіндеді Приозерск гарнизонының бастығы подполковник Есжан Батырбеков.

Ел арасында екпе салдырту бойынша алып қашпа әңгіме, екпеге деген сенімсіздік пен үрейдің бар екені жасырын емес. Алайда, дәл қазіргі коронавирус індетінің қайтадан қарқын алап, эпидемиологиялық жағдайдың өршіп кетуіне байланысты, ұжымдық біріктірілген күшті қалыптастырып, ағаулы індетке қарсы бірден-бір жолы – тек екпе алу екендігін айта кеткен жөн.

«Бірлік бар жерде, тірлік бар» - демекші, дүниежүзін жайлаған коронавирус індетімен көпшілік болып, бірлесе күресе беретінімізге сенімдімін!

Тілек Алшымбекұлы
06708 әскери бөлімі



КАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

«ПАРЫЗ-2020» КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы, Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясы "Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсы туралы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығына сәйкес" Парыз-2021" конкурсын өткізу туралы хабарлады.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсы халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қоғамалдындағы өзінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға және арттыруға бағытталған және жеке кәсіпкерлік субъектілерін өз қызметкерлерінің, сондай-ақ жалпы қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге ынталандыруға, әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша оң тәжірибені көрсетуге және кеңінен таратуға, халықты корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік мәселелері бойынша кеңінен хабардар етуге арналған.

Гран-при — конкурстың жоғары наградасы жұмыста және корпоративтік әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік принциптерін іске асыруда неғұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізген үміткерге беріледі. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Нұр-Сұлтан қаласында Мемлекет басшысының қатысуымен өтеді.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі туралы "Парыз-2020" конкурсы келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын»;
- «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын»;
- «Үздік ұжымдық шарт»;
- «Экологияға қосқан үлесі үшін».

Толық ақпарат пен кеңесті «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, тел.: 5-49-40, электрондық пошта: prio_trud@mail.ru.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған «Мерейлі отбасы» конкурсын өткізу жарияланды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 181 қаулысымен бекітілген конкурстың ережесіне сәйкес «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы аудандық (қалалық), өңірлік және ұлттық кезеңдерде өтеді.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне көрсетілген мекенжай бойынша 2021 жылғы маусымның 10-на дейін қабылданады: Пушкин к.9/2, қалалық пошта ғимараты, 2 қабат. Тел: 5-30-82, 5-27-92; e-mail: prio_ovp@krg.gov.kz.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

Ғасыр дерті жайламасын десек...

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН БІРГЕ КҮРЕСЕЙІК!

Жемқорлық мәселесі елімізде ұзақ жылдардан бері өзекті мәселе ретінде танылып, осы кеселге қарсы үздіксіз күрес жүргізіліп келеді. Елбасының Үндеулері мен Жолдауларында да жемқорлықпен күрес арнайы аталады, жемқорлықпен күрес тәсілдеріне де бағыт бағдар беріліп, жемқорлықпен кешенді түрдегі күрестің жалғаса беретіні ұдайы айтылып отырады. Яғни жемқорлықпен күрес елімізде бір сәт те тоқтаған емес.

Жалпы кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес - ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерде тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған мәселелердің бірі. Бұл кесел біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да еліміздің мемлекеттік саясатының негізгі басылымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу ретінде жылдар бойы күн тәртібінен түспей келеді. Жалпы қоғамымыздың жемқорлыққа қатысты қарсылығын тудыру мақсатында да кеселмен күрес жалғаса

бермек. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Демек жемқорлықпен күресте тұтас қоғамның қарсылығы маңызды. Өте өкінішті жайт қоғамымызда мемлекеттік қызметшілерге қатысты жемқорлық та аз айтылмайды. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстары және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылықтарына қатысты таныту, кәсіби әдептілігінің жетіспеушілігі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Жасыратыны жоқ, сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды, себебі бұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы



Мерейлі
ОТБАСЫ
ҰЛТТЫҚ БАҚАУЫ

О ПРОВЕДЕНИИ НАЦИОНАЛЬНОГО КОНКУРСА «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

В Карагандинской области, в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 5 марта 2014 года № 181 «Об утверждении Правил проведения Национального конкурса «Мерейлі отбасы», объявлено проведение регионального этапа ежегодного Национального конкурса «Мерейлі отбасы», направленного на возрождение нравственных ценностей и культивирование позитивного образа семьи и брака (супружества), повышение статуса семьи.

Согласно правилам конкурса, утвержденным Постановлением Правительства Республики Казахстан от 5 марта 2014 года №181, конкурс пройдет в три этапа: районный (городской), региональный и национальный.

Заявки на участие принимаются до 10 июня 2021 года в отделе внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск, по адресу ул.Пушкина 9/2, 2 этаж, здание КАЗпочты города. Тел: 5-30-82, 5-27-92; e-mail: prio_ovp@krg.gov.kz.

ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск»

МҚҰ «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» МҒО

ЭВЕРЕСТ ТӨМЕН % СТАВКАЛАР
Финанс **НИЗКИЕ % СТАВКИ**

до 1 000 000 ТҒ ДЕЙІН

МИКРОКРЕДИТТЕР
✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін)
және жұмыс істейді
✓ кепілсіз ✓ алты жылға дейін

МИКРОКРЕДИТЫ
✓ для пенсионеров (до 78 лет)
и работающих
✓ без залога ✓ до шести лет

ТЕЗ ЖӘНЕ ЫҒАЙЛЫ! **ПРОСТО, УДОБНО БЫСТРО!**

Г. БАЛХАШ, УЛ. БАЙСЕЙТОВОЙ, Д. 8. МАГАЗИН «МАСТЕРСКАЯ ЧУДЕС»,
8 747 367 15 25, 8 (710 36) 4 87 28

2021 жылғы 03 наурыздағы микроқаржы ұйымының қызметін жүзеге асыру құқығын беретін №09.21.005 лицензиясы

мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Өкінішке қарай, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты – бармақ басты әдет әлі де болса қалмай келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз. Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет

атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен, заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

К.Р. Кадирова,
«ҚР АШМ АӨК МИК
Приозерск қалалық аумақтық
инспекциясы» ММ басшысы

Собственик: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107
Справки по тел.: +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 19/715. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.